




ЕРТЕҢ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ БАСТАЛАДЫ

СӘТТІЛІК, СПОРТ САҢЛАҚТАРЫ!



Коллаж авторы: Р. САЛАУАТОВ

ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ – ТҮРАІ ҰЛТ ПЕН МӘДЕНИЕТТІ БІР АРНАҒА ТОҒЫСТЫРАТЫН, ӘЛЕМДІК СПОРТТЫҢ ЕҢ БИІК МІНБЕРІ. БҰЛ ДОДАДА ӘР СПОРТШЫ ӨЗ ТАҒДЫРЫН ӨЗІ ЖАЗАДЫ: БІРІ – ОЛИМПИАДАҒА АЛҒАШ ҚАДАМ БАСҚАН ЖАС ҮМІТ, ЕНДІ БІРІ – ТАЛАЙ ТӨРТЖЫЛДЫҚТЫҢ

СЫНЫНАН ӨТКЕН ТӘЖІРИБЕЛІ САҢЛАҚ. АЛАЙДА БАРЛЫҒЫН БІРІКІРЕТІН ОРТАҚ МАҚСАТ – ЕЛ НАМЫСЫН АБЫРОЙМЕН ҚОРҒАП, ОЛИМПИАДАЛЫҚ МЕДАЛЬҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ.

▶▶▶ 8-бетте

Әке өнегесі –
ұрпақ болашағы



Сайлаубай ағамды
сағынамын...



Базалық шегерім
қалай жұмыс істейді?



БҮГІН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ



ҚҰРМЕТТІ МАХАМБЕТТІКТЕР! ҚАДІРЛІ САЙЛАУШЫЛАР!

Дүниежүзілік сайлау күні – демократиялық қоғамның негізін құрайтын сайлау институтының маңызын айқындайтын ерекше күн. Бұл күн азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау, сайлау процесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету, сандай-ақ қоғамның саяси мәдениетін арттыру мақсатында аталып өтіледі.

Еліміз бойынша 2023 жылғы 2 ақпаннан бастап 2005 жылғы 14-17 қыркүйекте Будапештте өткен сайлауды ұйымдастырушылардың жалпы конференциясы аясында бекітілген Дүниежүзілік сайлау күні атап өтіледі.

Сайлауды ұйымдастыру және өткізу саласындағы мамандар Дүниежүзілік сайлау күнін құра отырып, бір ғана мақсатты - азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету және сайлау процесстерін жетілдіру мәселелеріне назар аударуды көздеді.

Дүниежүзілік сайлау күні – әрбір азаматты ел тағдырына бейжай қарамауға, өз таңдауына жауапкершілікпен қарауға шақыратын маңызды күн. Демократиялық қоғамның дамуы азаматтардың сайлауға белсенді қатысуымен тығыз байланысты.

Махамбет аудандық аумақтық сайлау комиссиясы атынан сайлау процесінің барлық қатысушыларын демократиялық дамудың негізгі элементі ретінде сайлау жүйесінің маңыздылығын атап өтуге арналған мерекемен құттықтаймын.

Аудан тұрғындарына белсенді азаматтық ұстаным, ал сайлауды ұйымдастырушыларға өз жұмысына кәсібилік, ашықтық және жауапкершілік тілеймін.

Р.ТҮРДАҒАЛИ,

Махамбет аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

КЕЗДЕСУ

Бала қауіпсіздігі бәрінен маңызды

Өткен аптада мектеп оқушыларының қатысуымен «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында шара өтті. Оған аудан прокурорының орынбасары, білім бөлімінің әдіскерлері, ұстаздар, психологтар, жоғары сынып оқушылары қатысты.

Іс-шараны аудандық білім бөлімінің басшысы Венера Берікқызы ашып, соңғы кездері жасөспірімдер арасында қылмыстар көбейгенін, ауданда әкелер форумы ұйымдастырылғанын, құқық қорғау, прокуратура қызметкерлерімен жұмыстар жасалып жатқанын қаперге берді.

Аудан прокурорының орынбасары Серік Жаңабаев өткен жылы орын алған құқық бұзушылықтар, оның ішінде қорқытып шақыру, төбелес әрекеттері байқалғанын еске салды. Құқық бұзушылық баптарына жеке-жеке тоқталды. Оның ішінде ұрлық, есірткі заттарын сату қылмысының жазасы ауыр екендігін, 20 жылға дейін бас бостандығынан айырылатынына мысалдар келтіре отырып, баяндады.

Атырау қаласындағы отбасылық қолдау психологиялық орталығының үйлестіруші әдіскері Орынғұл Мұратқызы аутодеструктивті мінез-құлық жайына кеңінен тоқталды. Жасөспірімдердің күйзеліске түскен жағдайда мұның үнемі ата-анасымен, достарымен бөлісіп

отыру керектігін ескертті. Бұл аутодеструктивті мінез-құлық адамның қалыпты дамуына, дене бітімі мен психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін мінез-құлық болып табылады. Оның себебі көп. Әсіресе, жас ерекшеліктерімен қатар әлеуметтік жағынан күрт өзгеру, алкоголь, темекі, есірткі де зиянын тигізеді. Психотерапия жүргізіп, аутодеструктивті бұзылысқа әкелетін факторларды анықтау да маңызды екенін айтты. Әр ата-ана баласының кімдермен араласатынын біліп, күмәнді істермен айналыспауын, жат ағым өкілдеріне мүддем жоламауды тапсырды. Сау-алманы толтырып, белгілеуге мұқият болуды, үнемі қорқынышқа берілмей, қандай жағдайда да көмек сұрауға ұялмау керектігін қаперге берді психолог маман.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Венера Қабышева іс-шараны қорытындылап, бала қауіпсіздігі ең маңызды екенін атап өтті.

А.ТЕКЕБАЙ

